

**«Ұлттық балаларды оңалту
орталығы» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 10 мамырдағы
№3 шешімімен бекітілген
(2025 жылғы «25» желтоқсанда
енгізілген өзгерістер
және толықтыруларымен)**



**«ҰЛТТЫҚ БАЛАЛАР ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» КеАҚ
2023–2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Астана қ., 2023 жыл

Мазмұны

1-бөлім. Миссиясы, ұстанымы және негізгі стратегиялық қағидаттары...	3
2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару.....	4
2.1. Сыртқы орта факторларын талдау.....	4
2.2. Ішкі орта факторларын талдау.....	15
2.3. SWOT-талдау	22
2.4. Тәуекелдерді басқару.....	24
3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы индикаторлар.....	25
Стратегиялық бағыт 1. Сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту және қызмет тиімділігін арттыру	25
Стратегиялық бағыт 2. Кадрлық әлеуетті, білім мен ғылымды дамыту...	27
4-бөлім. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау байланысының архитектурасы.....	32
5-бөлім. Стратегиялық бағыттар және нысаналы индикаторлар.....	33
6-бөлім. Ресурстар.....	37
Қосымша 1. 2025 жылға өңірлердегі Оңалту орталықтарының саны	38

«Ұлттық балалар оңалту орталығы» және оның филиалы үшін (бұдан әрі – Орталық) айқындалған миссия, көзқарас, құндылықтар, стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттер

1-бөлім. Міндет және көзқарас, негізгі стратегиялық қағидаттар

Миссиясы:

Ең үздік клиникалық тәжірибені, ғылым мен білімді интеграциялау арқылы ерекше қажеттіліктері бар пациенттердің өмір сүру сапасы мен денсаулығын жақсарту.

Орталықтың ұстанымы:

Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін оңалту, ғылыми және білім беру қызметін жүзеге асыратын, елдегі оңалту ұйымдарының қызметін үйлестіретін әлемдік деңгейдегі көшбасшы болу, сапаны және пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Негізгі стратегиялық қағидаттары:

- ***Пациентке бағытталған көмек***

Пациентке бағытталғандық және пациенттер мен олардың отбасы мүшелерінің қажеттіліктеріне құрметпен қарау.

- ***Теңдік***

Біз барлық ұлттарды кемсітусіз құрметтейміз және қолдаймыз, мұны сөзіміз бен ісіміз арқылы көрсетеміз.

- ***Ынтымақтастық және өзара құрмет***

Біз барлық пациенттермен, олардың отбасыларымен және серіктестермен қарым-қатынасты қолдаймыз және нығайтамыз.

- ***Жоғары этикалық қағидаларды сақтау***

Біз адалдыққа, әділдікке және ар-намысқа негізделген моральдық құндылықтарды басшылыққа аламыз.

- ***Командалық жұмыс***

Біз команда болып жұмыс істейміз және денсаулық сақтау сияқты күрделі ортада ең жақсы нәтижелерге бірге қол жеткіземіз

- ***Сапа және пациенттердің қауіпсіздігі***

Біз сапаны және пациенттердің, олардың отбасылары мен персоналдың қауіпсіздігін арттыра отырып, ең жақсы күтім мен қызметті ұсыну үшін бар күш-жігерді саламыз.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару

2.1. Сыртқы орта факторларын талдау

Мүгедектік мәселесінің және оңалту көмегін ұйымдастырудың, әлеуметтік қорғаудың өзектілігі бұл мәселенің ауқымдылығымен айқындалады. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің статистикалық деректеріне сәйкес, елімізде 01.01.2022 жылғы жағдай бойынша мүгедектігі бар балалар саны 98 254 болды, бұл 2021 жылмен (94 660) салыстырғанда 3,6% көп. Оның ішінде церебралды параличті бар балалар саны – 18 307, бұл 2021 жылмен (17 939) салыстырғанда 2% көп. Балалардың жалпы санының 18,6% — ЦП диагнозы бар балалар.

Медициналық оңалту қызметі келесі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

– Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI кодексі;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Медициналық оңалтуды ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Медициналық оңалтуды көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайда медициналық көмекті ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 64 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Өңірлік медициналық ұйымдарға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету мәселелері туралы» 2025 жылғы 23 маусымдағы №403 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен маманданулар номенклатурасын, денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің лауазымдары номенклатурасын және біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы» 2024 жылғы 25 қаңтардағы №46 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 қазандағы ««Церебралды паралич» диагнозы бар балаларға медициналық және әлеуметтік сүйемелдеуді жақсарту жөніндегі іс-шаралар

жоспарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы, оның ішінде «қадамдық қолжетімділікте» орналасқан шағын және орта оңалту орталықтары желісін кеңейту шаралары.

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. «Денсаулық сақтау саласындағы есептілік құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған «Конструктивті қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауының 62-тармағын іске асыру аясында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, «Церебралды паралич» диагнозы бар балаларға медициналық және әлеуметтік сүйемелдеуді жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі және бекітті, оның ішінде «қадамдық қолжетімділіктегі» шағын және орта балалар оңалту орталықтары желісін кеңейту шаралары көзделген (*Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2019 жылғы 15 қазандағы №557 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 24 қазандағы №69 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2019 жылғы 31 қазандағы №581 бұйрығы*).

Бұл жоспар шеңберінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін бірқатар іс-шаралар көзделген, оның ішінде оңалту көмегін және арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың жұмысын талдау; медициналық оңалтуды жаңғырту және жетілдіру; кадр әлеуетін арттыру; техникалық оңалту құралдарын іріктеуді жетілдіру және т.б.

Балалар денсаулығын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – мүгедектік деңгейі.

Қазақстан Республикасындағы балалар мүгедектігі деңгейі. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылғы ресми дерегі бойынша, ел бойынша ерекше қажеттіліктері бар 104 260 бала тіркелген.

Республика бойынша балалар арасындағы мүгедектік үлесі 1,58% болды (2021 ж. — 1,56%), ал 1000 балаға шаққандағы мүгедектік көрсеткіші 15,8-ді құраған (2021 ж. — 15,8). (*1-кесте*)

2021–2022 жылдардағы ерекше қажеттіліктері бар балалар саны және 1000 балаға шаққандағы мүгедектік көрсеткіші

№1 кесте

№	Өңір	01.01.2022 ж. балалар саны*	Мүгедектігі бар балалар саны (абс.)**		2019–2021 жж. мүгедектік динамикасы Δ (%)	(%) 2022 ж. балалар арасындағы мүгедектік үлесі (1)	2022 ж. 1000 балаға шаққандағы мүгедектік көрсеткіші (2)
			2021	2022			
1	Абай	186790	-	2668	-	1,43	14,3
2	Ақмола	223606	3077	3232	5,04	1,45	14,5
3	Ақтөбе	318565	4428	4774	7,81	1,50	15,0
4	Алматы облысы	530377	8953	6755	-24,55	1,27	12,7
5	Атырау	262387	3922	4147	5,74	1,58	15,8
6	Шығыс Қазақстан	183222	5593	3142	-43,82	1,71	17,1
7	Батыс Қазақстан	211751	2866	2965	3,45	1,40	14,0
8	Жамбыл	457058	6658	6784	1,89	1,48	14,8
9	Жетісу	241220	-	2876	-	1,19	11,9
10	Қарағанды	316473	5478	4808	-12,2	1,52	15,2
11	Қостанай	209313	3231	3304	2,3	1,58	15,8
12	Қызылорда	323035	5513	5969	8,3	1,85	18,5
13	Маңғыстау	310483	6601	6997	6,0	2,25	22,5
14	Павлодар	205518	3123	3425	9,7	1,67	16,7
15	Солтүстік Қазақстан	129590	2236	2333	4,3	1,80	18,0
16	Түркістан	899220	14883	14829	-0,4	1,65	16,5
17	Ұлытау	73370	-	928	-	1,26	12,6
18	Алматы қаласы	638452	7841	8600	9,7	1,35	13,5
19	Шымкент	469089	6663	7523	12,9	1,60	16,0
20	Астана	427481	7188	8201	14,1	1,92	19,2
	ҚР бойынша барлығы	6 617 000	98 254	104 260	6,1	1,58	15,8

* Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша (2023 жылғы 18 қаңтардағы 2022 жылдың басындағы ресми балалар саны).

** Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша.

(1) Мүгедектігі бар балалар саны *100 / жылдың соңындағы балалар саны.

(2) Мүгедектігі бар балалар саны *1000 / жылдың соңындағы балалардың орташа жылдық саны (Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша балалардың орташа жылдық саны).


1000 балаға шаққандағы мүгедектік көрсеткішінің ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында – (22,5), Қызылорда облысында – (18,5), Солтүстік Қазақстан облысында – (18,0), Шығыс Қазақстан облысында – (17,1), Павлодар облысында – (16,7), Түркістан облысында – (16,5) және Астана қаласында – (19,2), Шымкент қаласында – (16,0) байқалады.

Бірақатар өңірлер мен қалаларда балалар арасындағы мүгедектіктің ең жоғары үлесі тіркелген: Маңғыстау облысы – 2,25%, Қызылорда облысы – 1,85%, Солтүстік Қазақстан облысы – 1,80%, Шығыс Қазақстан облысы – 1,71%, Павлодар

облысы – 1,67%, Түркістан облысы – 1,65% және Астана қаласында – 1,92%, Шымкент қаласында – 1,60% (республика бойынша – 1,58%).

2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде балалар арасындағы мүгедектік деңгейінің динамикасы 19,8%-ға өскені байқалады, 2018 жылы мүгедектігі бар 86 956 бала тіркелген болса, 2022 жылы 104 260 бала тіркелген (*№1 диаграмма*).

0–18 жас аралығындағы (мың адаммен) мүмкіндігі шектеулі балалар саны 01.01.2022 ж. бойынша



Диаграммаға сәйкес, ерекше қажеттіліктері бар балалар санының абсолюттік деректері олардың саны артқанын айқын көрсетеді: **2018 жылы мүгедектігі бар 86 956 бала тіркелген болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 104 260-қа жеткен** (оның ішінде **33 695** (0–7 жас аралығындағы), **70 565** (7–18 жас аралығындағы) бала.

* Қазақстан Республикасының «Жеке санаттағы азаматтарды әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 12.10.21 ж Заңына сәйкес балалар мүгедектігінің келесі санаттары белгіленген: 7 жасқа дейінгі мүгедек балалар, 7 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар.

Балалар арасындағы мүгедектік, алғашқы мүгедектіктің құрылымы

№2 кесте

Жылдар	Барлығы	Балалар 0–16 жас	Балалар 16–18 жас	Алғаш рет мүгедек деп танылғандар	Бастапқы куәландыру кезіндегі жетекші нозологиялар							
					Туа біткен даму кемістіктері, деформациялар және хромосомалық аномалиялар		Жүйке жүйесі аурулары		Психикалық бұзылыстар		Эндокриндік аурулар	
					абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%
2018	86956	78526	8430	11815	3839	32,5	2703	22,9	1479	12,5	601	5,1
2019	91573	82557	9016	12916	4143	32,1	2803	21,7	1877	14,5	687	5,3
2020	94660	84908	9752	11552	3496	30,3	2537	22,0	1877	16,3	701	6,0
2021**	98254	30797	67457	13131	4078	31,1	2897	22,1	2231	17	838	6,4
2022*	104260	33695	70565	14387	4064	28,2	3316	23	2764	19,2	933	6,5

** Қазақстан Республикасының «Жеке санаттағы азаматтарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 12 қазандағы Заңына сәйкес балалар мүгедектігінің келесі санаттары белгіленген: жеті жасқа дейінгі мүгедек балалар; жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар.

Балалар арасында бастапқы мүгедектікті туындатқан ауруларға жасалған талдауға сәйкес, алдыңғы орындарда туа біткен даму ақаулары, деформациялар және хромосомалық аномалиялар – 4064 (28,2%), екінші орында жүйке жүйесі аурулары – 3316 (23%), үшінші орында психикалық бұзылыстар – 2764 (19,2%), одан кейін эндокриндік аурулар – 933 (6,5%) тұр.

Осылайша, балалар мүгедектігін қалыптастыратын себептер туа біткен даму аномалиялары, жүйке жүйесі аурулары, психикалық бұзылыстар, эндокриндік аурулар болып табылады. Сондай-ақ, осы жағдайға ықпал ететін факторлардың бірі – қазіргі медицинаның даму деңгейі, ол өте шала туған нәрестелердің, нейроинфекциялары бар балалардың, жүйке жүйесінің ауыр жарақаттары бар балалардың және туа біткен даму ақаулары бар балалардың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша ЦП бар балалар саны

№3 кесте

№	Өңір	ЦП диагнозы бар балалар 0–18 жас (абс.) *		100 мың балаға шаққандағы ЦП-мен сырқаттану деңгейі**		ЦП-мен сырқаттану динамикасы, Δ 2021–2022 жж. (%)
		2021	2022	2021	2022	
1	Ақмола обл.	537	545	261,5	243,7	-6,79
2	Ақтөбе обл.	819	853	270,4	267,8	-0,98
3	Алматы обл.	2044	2097	281,2	271,8	-3,35
4	Атырау обл.	844	858	341,7	327,0	-4,30
5	Шығыс Қазақстан обл.	827	836	253,9	225,9	-11,01
6	Жамбыл обл.	1486	1495	340,7	327,1	-3,99
7	Батыс Қазақстан обл.	491	507	240,6	239,4	-0,49
8	Қарағанды обл.	1012	1017	274,4	260,9	-4,93
9	Қызылорда обл.	945	961	305,2	297,5	-2,53
10	Қостанай обл.	688	722	325,0	344,9	6,13
11	Маңғыстау обл.	766	793	263,0	255,4	-2,89
12	Павлодар обл.	608	606	305,9	294,9	-3,61
13	Түркістан обл.	2450	2458	282,8	273,3	-3,34
14	Солтүстік Қазақстан обл.	354	356	269,5	274,7	1,93
15	Шымкент қ.	1302	1350	299,7	287,8	-3,97
16	Алматы қ.	1758	1780	330,0	278,8	-15,52
17	Астана қ.	1376	1378	345,1	322,4	-6,59
Барлығы		18 307	18 612	295,1	281,3	-4,68

** ЦП бар балалар саны * 100 000 / балалардың жылдың соңындағы орташа жылдық саны (ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша балалардың орташа жылдық саны)

3-кестенің деректері бойынша, 2022 жылы республика бойынша ЦП-мен сырқаттану көрсеткіші 4,68%-ға төмендеп, 100 мың балаға шаққанда 281,3-ті құрады (2021 ж. – 295,1).

100 мың тиісті бала санына шаққандағы ЦП-мен сырқаттану ең жоғары көрсеткіші Қостанай облысында – 344,9, Жамбыл облысында – 327,1, Атырау облысында – 327,0, Қызылорда облысында – 297,5, Павлодар облысында – 294,9, сондай-ақ Астана қаласында – 322,4, Шымкент қаласында – 287,8 байқалады.

3-кестеден көрініп тұрғандай, өңірлер бойынша ЦП-мен сырқаттану көрсеткішінің төмендегені байқалады, алайда бірқатар өңірлерде көрсеткіштің өсуі тіркелген, оның ішінде Қостанай облысында – 6,13%, Солтүстік Қазақстан облысында – 1,93%.

Балаларға оңалту көмегін көрсететін ұйымдар желісі.

2023 жылы балаларға 55 оңалту орталығында (жалпы төсек қоры 3580) медициналық оңалту көмегі көрсетілді. Олардың 3-уі - республикалық деңгейдегі орталық (барлығы – 522 төсек):

1. Ұлттық балалар оңалту орталығы – 300 төсек, Қызылорда қаласындағы филиалы – 57 төсек;
2. «Балбұлақ» республикалық балалар оңалту орталығы – 65 төсек;
3. «Бурабай» республикалық оңалту орталығы – 100 төсек.

Өңірлік деңгейдегі 52 орталық:

1. Ақмола облысы – 4 орталық, ТБС 168 төсек;
2. Ақтөбе облысы – 5 орталық, ТБС 205 төсек;
3. Алматы облысы – 5 орталық, ТБС 200 төсек;
4. Жетісу облысы – 1 орталық, ТБС 75 төсек;
5. Атырау облысы – 1 орталық, ТБС 25 төсек;
6. Шығыс Қазақстан облысы – 1 орталық, ТБС 35 төсек;
7. Абай облысы – 3 орталық, ТБС 170 төсек;
8. Жамбыл облысы – 4 орталық, ТБС 240 төсек;
9. Батыс Қазақстан облысы – 1 орталық, ТБС 20 төсек;
10. Қарағанды облысы – 3 орталық, ТБС 245 төсек;
11. Ұлытау облысы – 1 орталық, ТБС 45 төсек;
12. Қызылорда облысы – 1 орталық, ТБС 60 төсек;
13. Қостанай облысы – 1 орталық, ТБС 20 төсек;
14. Маңғыстау облысы – 2 орталық, ТБС 37 төсек;
15. Павлодар облысы – 2 орталық, ТБС 46 төсек;
16. Түркістан облысы – 5 орталық, ТБС 500 төсек.
17. Алматы қ. – 6 орталық, ТБС 598 төсек;
18. Шымкент қ. – 4 орталық, ТБС 366 төсек;
19. Астана қ. – 2 орталық, ТБС 3 төсек.

Барлығы: 52 өңірлік оңалту орталығы, төсек қоры – 3058 бірлік.

Сонымен қатар, республикада облыстар мен қалалардың көпбейінді ауруханаларының құрамында бар қалпына келтіру емі және медициналық оңалтуға арналған 624 төсек-орын қоры бар.

2022 жылдың қорытындысы бойынша, ел бойынша оңалту орталықтарын, бөлімшелерді/балалар стационарларындағы төсек-орындарды қоса алғанда, балаларға арналған 4204 оңалту төсек-орыны (тәулік бойғы стационар) бар, бұл 2021 жылмен салыстырғанда, 421 төсек-орынға артық. 2021 жылдың қорытындысы бойынша төсек-қор 3783 төсек-орынды құраған.

2025 жылы елдегі балалар оңалту орталықтарының саны 77-ге дейін өсті, оның ішінде 3 – республикалық деңгейдегі орталықтар. Тәулік бойы болу режиміндегі қалпына келтіру емі және медициналық оңалту төсек-қоры 3413 төсек-орынды құрайды (республикалық Орталықтарды қоса алғанда – 530 төсек).

Өңірлік Денсаулық сақтау басқармаларының жедел деректері бойынша, республикада 2022 жылы тәулік бойғы стационарларда 64 537 бала оңалту емін алды, олардың 10,3%-ы республикалық деңгейде оңалту емін алған балалар (6643). Өңірлік деңгейде 57 894 бала оңалту емін алды (89,7%).

ҚР өңірлері бойынша емделіп шығу жағдайлары

№4 кесте

№	Өңір	Республикалық деңгейде		Өңірлік деңгейде				Барлық төсек саны	Емделіп шыққандар саны
		Республикалық орталықтар		Оңалту орталықтары		Аудандық аурухана құрамындағы бөлімшелер			
		Барлығы төсек	Емделіп шыққандар саны*	Барлық төсек саны	Емделіп шыққандар	Барлық төсек	Емделіп шыққандар		
1	Ақмола обл.	100	305	168	2434	9	115	277	2854
2	Ақтөбе обл.		224	205	4294	14	225	219	4743
3	Алматы обл.		607	200	3553	65	779	265	4939
4	Жетісу обл.		**	75	952	12	105	87	1057
5	Атырау обл.		273	25	429	2	11	27	713
6	Шығыс Қазақстан обл.		259	35	1023	2	36	37	1318
7	Абай обл.		**	170	1547	0	0	170	1547
8	Жамбыл обл.		467	240	3322	53	523	293	4312
9	Батыс Қазақстан обл.		220	20	408	18	267	38	895
10	Қарағанды обл.		449	245	3552	38	548	283	4549
11	Ұлытау обл.		**	45	510	0	0	45	510
12	Қызылорда обл.	57	1012	60	1038	27	488	144	2538
13	Қостанай обл.		177	20	760	92	1124	112	2061
14	Маңғыстау обл.		261	37	363	20	211	57	835
15	Павлодар обл.		261	46	269	32	360	78	890
16	Солтүстік Қазақстан обл.		161	0	0	40	757	40	918
17	Түркістан обл.		522	500	8089	67	2309	567	10920
18	Алматы қ.	65	472	598	9349	27	724	690	10545
19	Астана қ.	300	648	3	153	71	1105	374	1906
20	Шымкент қ.		325	366	5769	35	393	401	6487
ҚР бойынша барлығы		522	6643	3058	47814	624	10080	4204	64537

*Республикалық оңалту орталықтарындағы емделіп шығу жағдайлары көрсетілген: ҰБОО, «Бурабай» РОО, «Балбұлақ» РБОО, Қызылорда филиалы («УМС» КҚ).

**Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарынан республикалық орталықтарда емделген жағдайлар бұрын кірген облыстарға (ШҚО, Алматы және Қарағанды облыстары) енгізілген.



2022 жылы ашылған жаңа оңалту орталықтары, бөлімшелер, төсек-орындар (облыстық денсаулық сақтау басқармаларының деректері)

№ 5 кесте

№	Өңір	Толық атауы	Төсек қуаттылығы	Төсек бейіні
1	Ақмола обл.	«Қамқорлық» оңалту орталығы, Көкшетау қ. көпбейінді облыстық балалар ауруханасы базасында (2022 ж. қаңтар), (2-кезең)	13	Неврологиялық
		«Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК базасында «Қамқорлық» ЕАО (Ерте араласу орталығы), (2022 ж. ақпан) (3-кезең)	5	Неврологиялық
2	Ақтөбе обл.	«Ана мен бала денсаулығын қорғау орталығы» ШЖҚ МКК базасында ашылған «Қамқорлық» оңалту орталығы – (2022 ж. 1 маусым) (2-кезең)	Айына 50 қабылдау	Неврологиялық
		Облыстық Перинаталдық орталығы (ОПО) базасында «Қамқорлық» ЕАО - (3-кезең)	10	Неврологиялық
3	Алматы обл.	«Еңбекшіқазақ ауданаралық көпбейінді ауруханасы» базасындағы «Қамқорлық» оңалту орталығы (ОО) (2-кезең)	20	Неврологиялық, травматологиялық, пульмонологиялық
4	Абай обл.	«Семей қалалық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК базасында Балалар оңалту орталығы және «Қамқорлық» ЕАО – (2-кезең)	100	Неврологиялық, нейрохирургиялық, травматологиялық, ортопедиялық
5	Түркістан обл.	Түркістан қалалық ауруханасы базасында «Қамқорлық» ОО (2022 ж. ашылды) (2-кезең)	50 төсек 40 к/с + 10 тбс	Неврологиялық, нейрохирургиялық
6	Нұр-сұлтан қ.	«Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК базасында «Қамқорлық» ЕАО –(3-кезең)	Бір ауысымда 50 қабылдау (жылына 600 бала)	Неврологиялық
7	Қызылорда обл.	Қызылорда облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасындағы «Қамқорлық» ОО (05.01.2022 ж.) (2-кезең)	60 төсек	Неврологиялық, нейрохирургиялық, ортопедиялық, кардиологиялық
8	Павлодар обл.	«Облыстық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК	40	Жалпы

9	СҚО	«Тайынша көпбейінді ауданаралық аурухана» ШЖҚ МҚК	10	Неврологиялық
10	Қарағанды	«Облыстық клиникалық балалар ауруханасы» МҚК базасындағы бөлімше	20	Психоневрологиялық, неврологиялық
11	Маңғыстау	МОКБА базасындағы «Қамқорлық» ЕАО (25 қараша 2022ж.) (3 этап)	13	Неврологиялық
		МОКБА базасындағы «Қамқорлық» ОО (25 қараша 2022ж.) (2-кезең)	24	Неврологиялық
Барлығы – 13 ОО ашылды, оның ішінде «Қамқорлық» – 7 ОО, 5 ЕАО, бөлімшелер – 2.				

«Қамқорлық» бастамасының іске асырылуы «Медициналық оңалту» бейіні бойынша төсек-орын қорын кеңейтуге айтарлықтай мүмкіндік берді. Ашылған жаңа оңалту орталықтары және Ерте араласу орталықтары тірек-қимыл аппараты бұзылған, туа біткен даму ақаулары бар, жүйке жүйесі ауруларымен жүретін, қозғалыс бұзылыстарымен қатар жүретін балаларға кешенді көмек көрсетуге бағытталған (медициналық оңалтудың 2 және 3-кезеңдері).

«Қамқорлық» бастамасының I кезеңін іске асыру шеңберінде 2020 жылы 7 оңалту орталығы және 1 Ерте араласу орталығы 7 өңірде ашылды – Атырау облысы, Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы, Қостанай облысы, Батыс Қазақстан облысы, Түркістан облысы, Нұр-Сұлтан қаласы.

2022 жылы «Қамқорлық» бастамасының II кезеңін іске асыру аяқталды, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Ақмола, Ақтөбе облыстарында 8 оңалту орталығы және Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарында 2 ерте араласу орталығы ашылды.

2022 жыл ішінде барлығы 13 ОО ашылды (оның ішінде «Қамқорлық» бағдарламасы бойынша – 7 оңалту орталығы, 5 ерте араласу орталығы) және 2 оңалту бөлімі, бұл қосымша шамамен 4200 баланы оңалту қызметтерімен қамтуға мүмкіндік берді.

«Қамқорлық» бастамасының III кезеңі аясында 2022 жылы 4 ерте араласу орталығы (0-ден 3 жасқа дейін) жұмысын бастады, 2023 жылдың соңына дейін 13 өңірде ерте араласу орталықтарын ашу жоспарлануда, олар жыл сайын дамуында бұзылыстары бар және даму бұзылыстарының туындау қаупі бар 10 мыңнан астам ерте жастағы баланы қамтитын болады (Алматы к., Шымкент к., Алматы облысы, Атырау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Түркістан облысы).

Сонымен бірге, «медициналық оңалту» бейіні бойынша төсек-орын кеңейту өңірлерді дамыту жөніндегі Кешенді және Перспективалық жоспарларда да

көзделген. Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы стационарлар базасында оналту бөлімшелері ашылды..

Оналту көмегін көрсететін ұйымдар желісінің кеңеюі мүмкіндіктері шектеулі балаларды медициналық оналтумен қамтуды арттыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы оналту орталықтарының төсек-қоры

Кесте №6

Кезең	ОО	Төсек-қор	Емделіп шыққандар	Мүгедектігі бар балалар саны	Қамту %
2018	11	2177	38 072	84 944	45,0%
2019	23	2565	45 483	91 573	49,7%
2020	34	3672	46 615	94 660	49,2%
2021	40	3783	56 681	98 254	57,7%
2022	55	4204	64 537	104 260	61,9%

Мүмкіндігі шектеулі балалардың тәулік бойғы стационарда медициналық оналтумен қамтылуы 16,9%-ға артты, 2018 жылы 45% қатылған болса, 2022 жылы – 61,9%-ды құрады.

Сонымен бірге, республика бойынша балалар арасындағы мүгедектік деңгейін ескерсек, балаларға көрсетілетін оналту көмегінің қолжетімділігі жеткіліксіз деңгейде қалып отыр, бұл балаларға арналған оналту төсектерінің санымен тікелей байланысты.

Өңірдегі денсаулық сақтау басқармаларының деректеріне сәйкес республика бойынша медициналық оналту көмегін көрсететін орталықтар мен бөлімшелерді негізгі техникалық оналту құралдарымен **жарактандыру деңгейі** 86,2%-ды, физиотерапиялық ем (ФЕ) және емдік дене шынықтыруға (ЕДШ) арналған аппараттармен жарактандыру – 88,6%-ды құрайды. 2021 жылы бұл көрсеткіштер тиісінше 79,4% және 84,9% болған. Негізгі техникалық оналту құралдарымен жарактандырудың төмен пайызы келесі өңірлерде байқалады: Жетісу облысы (67%), Түркістан облысы (58%), Қызылорда облысы (71%). ФЕ және ЕДШ аппараттарымен жарактандырудың төмен пайызы Түркістан (60%), Қызылорда (64%), Жетісу (67%) облыстарында тіркелген.

Ресурстар. Физикалық медицина және оналту дәрігерлерімен (ФМО дәрігері) қамтамасыз етілу көрсеткіші республика бойынша артып, 87,7%-ды құрайды (2021 ж. – 86%). Стационарлық деңгейде оналту көмегін көрсететін медициналық ұйымдар ФМО дәрігерлерімен толық қамтамасыз етілмеген: Алматы, Павлодар облыстарында, сондай-ақ ең төмен қамтамасыз етілу көрсеткіші Қостанай облысында (19%), Шығыс Қазақстан облысында (50%) және Астана қаласында (69,9%) байқалады.

Педагогикалық кадрлармен (психологтар, логопедтер, сурдопедагогтар, музыкатерапевттер) жалпы жасақтау көрсеткіші ОО-ларда 97%-ды құрайды (2021 ж. – 94,4%). Ұлытау облысында (75%), Батыс Қазақстан облысында (83%) және Астана қаласында (84%) педагогикалық кадрлармен жасақталу деңгейінің төмен екені байқалады.

Медициналық оңалтуды көрсету стандарты оңалту жүргізілетін медициналық ұйымдарда міндетті түрде мультипәндік топтың (бұдан әрі – МПТ) болуын көздейді.

Өңірлер бөлінісінде МПТ құрамында келесі мамандар жетіспейді: ФМО дәрігері, физиотерапевт, әлеуметтік қызметкер, ортезист, әлеуметтік педагог, сондай-ақ түзету педагогтары (ойын терапеві, музыка терапевт, Монтессори-терапия мамандары) (6-қосымша).

Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында физиотерапевт және үйлестіруші дәрігер мамандар жетіспейтіні байқалады. Мамандармен жасақталу деңгейі (ойын терапевтері, музыка терапевтері, Монтессори-терапия мамандары) Ақмола, Алматы, Жетісу, Маңғыстау, Павлодар облыстарында және Солтүстік Қазақстан облысында да төмен (№ 6 қосымша).

Сонымен қатар, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз ету мәселелері, оның ішінде әлеуметтік қолдау шаралары және жас мамандарды бекіту – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне жатады.

Жыл сайын 200 мыңнан астам мүгедектігі бар адам техникалық оңалту құралдарымен (бұдан әрі – ТОҚ) қамтамасыз етіледі. 2018 жылы ТОҚ-пен қамтамасыз ету үлесі мұқтаж адамдардың жалпы санының 57,8%-ын құрады (2013 ж. – 88%, 2015 ж. – 67%, 2016 ж. – 67%, 2017 ж. – 67,5%).

2.2. Ішкі орта факторларын талдау

Ұлттық балаларды оңалту орталығы (бұдан әрі – ҰБОО) 2007 жылғы тамыз айынан бастап шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын ретінде жұмыс істеп келген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2008 жылғы 1 шілдедегі №10-2/03-8033 қолдаухатының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы №451 «Қазақстан Республикасының Үкіметінің резервінен қаражат бөлу және «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің бұйрығына сәйкес, жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен «Республикалық балалар оңалту орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы бұйрығына сәйкес «Республикалық балалар оңалту орталығы» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ-ға берілді.

Ұлттық балалар оңалту орталығы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «University Medical Center» Корпоративтік қоры құрамында болды.

ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 24 қаңтардағы №25 қаулысымен жарғылық капиталға жүз пайыздық қатысуымен «Ұлттық балалар оңалту орталығы» КеАҚ құрылды.

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 36.

Құрылымында Қызылорда облысы Талсуат ауылдық округінде №6 көше, №1 үй мекенжайында орналасқан филиалы бар.

2014 жылғы 24 маусымда «Республикалық балалар оңалту орталығы» АҚ JCI (Joint Commission International) аккредитациясынан өтті. 2017 жылғы тамызда, 2021 жылғы ақпанда, 2024 жылғы ақпанда Орталық JCI қайта аккредитациялаудан өтті, бұл көрсетілетін оңалту қызметтерінің халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына толық сәйкес келетінін растайды.

2018 жылғы желтоқсанда Орталық пен Филиал Ұлттық аккредитация стандарттарына сәйкестігі бойынша жоғары санатты алды. 2023 жылғы қыркүйекте Орталық осы мәртебесін қайта аккредитациядан өтіп растады. 2023 жылғы тамызда Орталық бес жыл мерзімге ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредитацияланды. 2019 жылғы желтоқсанда Орталықтағы дәріхана GPP аккредитациясынан өтті.

Орталық қызметінің мақсаты — Қазақстан Республикасында балалар мүгедектігін төмендету, жүйке, тірек-қимыл жүйесі патологиясы бар балалар мен жасөспірімдерге арналған қалпына келтіру емі, медициналық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық оңалтуды одан әрі дамыту және жетілдіру, сондай-ақ медициналық ғылым, білім және практика саласындағы заманауи технологияларды енгізу және тарату.

Орталықтың жұмысы психоневрологиялық патологиясы бар балалар мен ересектердің әлеуметтік дезадаптациясына әкелетін қимыл, психоэмоциялық, когнитивтік, сөйлеу бұзылыстарын кешенді, көпмодальді түзетуге бағытталған.

Орталықта оңалту көмегін ұйымдастырудағы басым бағыттар:

- медициналық оңалту, әлеуметтік бейімдеу, психологиялық-педагогикалық түзетуді қамтитын көпмодальді, мультипандік оңалту;
- кадрлық әлеуетті жетілдіру;
- ғылыми-инновациялық қызмет;
- МӘМС шеңберінде пациентке бағдарланған оңалту көмегі жүйесін құру;
- ақпараттық жүйені, халықаралық сапа стандарттарын енгізу.

Оңалтудың негізгі әдістері: симптоматикалық қолданбалы моторлық функцияларды қалыптастыру әдістері (кинезотерапия және гидрокинезотерапия әдістері, роботтандырылған және функционалдық оңалту, механотерапия), физиотерапиялық әдістер, проприоцептивті түзету әдісі, «Атлант» костюмі, тірек-қимыл, психоэмоциялық және логопедиялық түзетудің биологиялық кері байланыс (БКБ) әдістері, моделдеу және ортездеу, ботулинотерапия, когнитивтік және сөйлеу бұзылыстарын симптоматикалық түзету (арнайы логопедиялық, дефектологиялық, психологиялық әдістер); бейімдеу және тұлғалық қалыптастыру әдістері: Монтессори-педагогика, оқу ортасына интеграция, инклюзивті білім беру, кәсіби бағдарлау, бейімделген спорт, мәдени-танымдық және басқа да топтық және жеке іс-шаралар.

Орталық жалпы ауданы 38 000 м² ғимаратта орналасқан. Оңалту көмегі 2 Басқарманың бөлімшелерінде көрсетіледі:

1. Клиникалық оңалту басқармасы (6 клиникалық бөлім, қабылдау бөлмесі секторы, физикалық медицина және оңалту бөлімі, роботтандырылған оңалту, нейрофизиология және сурдология зертханасы).

2. Әлеуметтік-педагогикалық оңалту басқармасы (модельдеу және ортездеу зертханасы, инклюзивті білім беру және әлеуметтік бейімдеу бөлімі, түзету-әдістемелік бөлім).

Сондай-ақ Орталықта 260 орындық асхана, 2 қысқы бақ, оқу залы бар кітапхана, 3 бассейн (кіші, орта, үлкен), спорт залы және автодром бар.

Кадрлар. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Орталық қызметкерлерінің тізімдік саны – 879 адам. Дәрігерлермен қамтылуы – 65,4%. Дәрігер саны – 57. Орта медицина қызметкерлерімен (ОМК) қамтылуы – 67,7%. ОМК саны – 178.

Медициналық персоналдың санаттылығы

№7 кесте

Персонал	31.12.2021ж.		31.12.2022ж.	
	саны	%	саны	%
Дәрігерлер, оның ішінде провизорлар	80		59	
Біліктілік санаты бар дәрігерлер (%)	46	57,5	31	52,5
Жоғары санат	21	26,2	14	23,7
Бірінші санат	18	22,5	12	20,3
Екінші санат	7	8,8	5	8,5
ОМК, оның ішінде фармацевтер	186		180	
Біліктілік санаты бар ОМК (%)	92	49,5	70	38,8
Жоғары санат	52	28,0	38	21,1
Бірінші санат	19	10,2	17	9,4
Екінші санат	21	11,3	15	8,3

Педагогикалық персоналдың санаттылығы

№8 кесте

Персонал	31.12.2021ж.		31.12.2021ж.	
	саны	%	саны	%
Педагогтар саны (барлығы)	210	100	210	100
Біліктілік санаты бар педагогтар (%):	55	26,2	45	21,4
Жоғары санатты	13	6,2	11	5,2
Бірінші санатты	17	8,1	14	6,7
Екінші санатты	25	11,9	20	9,5

2022 жылдың 12 айында жалпы медициналық персоналдың санаттылығы – 42,3%, оның ішінде: жоғары санатты -21,8%, бірінші санатты -12,1%, екінші санатты - 8,4%. Жалпы алғанда, дәрігерлердің санаттылығы 52,5%, педагогтар – 21,4%, ОМП 38,8%.

Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер саны – 7, оның ішінде 1 – медицина ғылымдарының докторы, 2 - PhD, 4 - медицина ғылымдарының кандидаты.

Сонымен қатар, 24 жоғары білімді мейіргер, 4 маман «Болашақ» стипендиаты және әлемнің жетекші орталықтарында тағылымдамадан өткен.

Жалпы қызметкерлердің 28-і денсаулық сақтау үздігі. Кадрлардың жалпы ауысуы 2022 жылдың 12 айында – 23%

Төсек қоры. «ҰБОО» КеАҚ төсек қоры – 306 төсек, оның ішінде: 300 төсек – МӘМС шеңберінде оналту көмегін көрсету үшін, 6 төсек – ақылы ТБС. 2022 жылы, ақылы ТБС-ты қоса есептегенде, емделіп шыққан пациенттер саны – 4232 бала, оның ішінде:

- бюджеттік бағдарлама бойынша: жоспар бойынша– 4200, емделіп шыққаны – 4144, орындалуы – 98,6%

- ақылы негізде (ТБС): жоспар бойынша– 84, емделіп шыққаны – 88, орындалуы – 105%.

Төсек қорының көрсеткіштері

№9 кесте

Жыл	Төсек саны	Түскендер / жоспар	Орынд ау %	Шығарылды	Барлық төсек-күн	Орташа жату ұзақтығы	Төсек тің айналымы	Төсек жұмысы	Ауыл тұрғындары
2021	313/300	4054/4200	96,5	4054	88602	21,9	13,3	291,1	28,9
2022	300/300	4144/4200	98,6	4144	93030	22,5	13,8	310,1	29,9

2022 жылға төсек жұмысына жүргізілген талдау көрсеткіштердің жақсарғанын көрсетті: төсек-күндер саны 93030 (2021 ж. – 88602), төсекте орташа болу ұзақтығы 22,5 (2021 ж. – 21,9), төсектің айналымдылығы 13,8 (2021 ж. – 13,3), төсектің жұмысы 310,1 (2021 ж. – 291,1).

Өңірлер бойынша емдеуге жатқызу жоспарының орындалуы

№10 кесте

№ п/п	Облыс атауы	2021ж.			2022ж.		
		2021 жылғы жоспар	Шығып кеткендер саны	Жылдық жоспардың орындалуы %	2022 жылғы жоспар	Шығып кеткендер саны	Жылдық жоспардың орындалуы %
1	Алматы қ.	217	203	93,5	217	177	81,5
2	Алматы	273	220	80,6	273	250	91,5
3	Ақмола	245	209	85,3	245	217	88,5
4	Ақтөбе	189	120	63,5	189	157	83
5	Атырау	182	147	80,8	182	167	91,7
6	Шығыс Қазақстан	259	150	57,9	259	186	71,8
7	Жамбыл	343	294	85,7	343	330	96,2
8	Батыс Қазақстан	189	159	84,1	189	166	87,8
9	Қарағанды	343	326	95,0	343	336	97,9
10	Қызылорда	105	109	103,8	105	101	96,2
11	Қостанай	168	122	72,6	168	124	73,8
12	Маңғыстау	189	161	85,2	189	148	78,3
13	Павлодар	224	203	90,6	224	191	85,2
14	Солтүстік Қазақстан	133	73	54,9	133	93	69,9
15	Түркістан	378	328	86,8	378	360	95,2
16	Шымкент қ.	203	191	94,1	203	194	95,5
17	Астана қ.	350	322	92,0	350	347	99,1
18	ҰБОО (әкімшілік квота)	210	717	341,4	210	600	285,7
Барлығы ҚР бойынша		4200	4054	96,5	4200	4144	98,6

2022 жылы емдеуге жатқызу жоспарының орындалуы 2021 жылмен салыстырғанда 2,1% артқан. Есепті кезеңдегі емдеуге жатқызу жоспарының орындалуын талдау нәтижесінде жоспардың ең төмен орындалу пайызы СҚО (69,9%), ШҚО (71,8%), Қостанай (73,8%) және Маңғыстау (78,3%) облыстарында байқалады.

12 айдағы емдеуге жатқызу жоспарының орындалуы – 98,6%.

Ішкі аудит. Орталықта барлығы 30 негізгі индикаторға мониторинг жүргізіледі, оның ішінде:

- Пациенттердің қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық мақсаттар – 9 (4индикатор бойынша мақсатқа қол жеткізілген – 44%; 5 индикатор бойынша ішінара

қол жеткізілген – 56%).

- Клиникалық – 8 (4 индикатор бойынша мақсатқа қол жеткізілген – 50%; 4 индикатор бойынша ішінара қол жеткізілген – 50%).

- Әкімшілік – 13 (4 индикатор бойынша мақсатқа қол жеткізілген – 31%; 9 индикатор бойынша ішінара қол жеткізілген – 69%).

Инновациялық технологиялар. Орталықта жүйке және тірек-қимыл жүйесі ауруларын диагностикалау және оңалту терапиясы бойынша 16-дан астам инновациялық технология енгізілді. Озық технологияларды енгізу оңалту іс-шараларының тиімділігін едәуір арттырды.

2022 жылы клиникаға тәжірибелік-конструкторлық жұмыстың нәтижесін енгізу бойынша 2 акт бекітілді:

1. «Аяқтың қысқаруы кезіндегі компенсаторлық ортез-протез»;

2. «Жүріс имитаторы».

Қызылорда филиалы жалпы ауданы 2 642,9 м² ғимаратта орналасқан, 2 блоктан тұрады: 24 палата, 57 төсек.

1-қабатта әкімшілік, жуыну бөлмесі, ойын терапеві, дефектолог кабинеттері, холл және 12 палата орналасқан. 2-қабатта физиотерапия бөлімі және 12 палата, мамандар кабинеттері орналасқан.

ҚФ «УМС» Қызылорда филиалының негізгі қызмет бағыты – жүйке жүйесінің мүгедек ететін патологиясы бар 1 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге кешенді мамандандырылған оңалту көмегін көрсету.

Төсек қорының негізгі көрсеткіштері

№11 кесте

Бөлімше	Төсек саны		Шығарылған ы / жоспар		Барлық төсек-күндер		Орташа болу ұзақтығы		Төсектің айналымы		Төсек жұмысы		Ауыл тұрғындары	
	2021	2022	2021	2022	2021	2022	2021	2022	2021	2022	2021	2022	2021	2022
Барлығы (067 бағдарлама бойынша)	55	57	774/ 770	800/ 798	18882	19205	24,3	24,0	14,0	14,0	307,2	331,2	355- 45,8%	375- 46,8%

2022 жылғы жылдық жоспардың орындалуы 100% құрады, 2022 жылы төсек жұмысы көрсеткіші – 331,2.

Филиал қызметкерлерінің тізімдік саны – 69 адам.

Дәрігерлермен қамтамасыз етілу деңгейі жалпы 52,6% құрайды. Жоғары санатты – 10,5%, бірінші санатты – 21%, екінші санатты – 21%. Жалпы алғанда дәрігерлердің категориялануы – 68,4%, педагогтардың – 25,4%, СМР – 62,4%.

Орта медициналық қызметкерлермен (бұдан әрі – ОМҚ) қамтылуы – 75,5%. Орта медициналық персоналдың жалпы санаттылығы 2020 жылы – 65%, оның ішінде жоғары санатты – 29,4%, бірінші санатты – 17,6%, екінші санатты – 17,6%, санаты жоғы – 22,2%.

2.3. SWOT - талдау

Күшті жақтар	Әлсіз жақтар
<ol style="list-style-type: none"> 1. Медициналық оңалту, психологиялық-педагогикалық түзету және әлеуметтік бейімдеу модульдерінің барлығы біріктірілген жалғыз мамандандырылған орталық. 2. Елдегі медициналық ортада, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерде танылған жоғары білікті мамандардың болуы. 3. Заманауи жоғары технологиялық жабдықтардың болуы. 4. Мамандарды жақын және алыс шетелдердің үздік клиникаларында даярлау және қайта даярлау. 5. Қазақстанда оңалту қызметтерінің құны шетелге караганда салыстырмалы түрде төмен болуы, бұл жақын және алыс шетелдерден пациенттерді тартуға мүмкіндік береді. 6. Пациенттер мен олардың туыстарына жайлы жағдайлардың жасалуы. 7. Ұлттық аккредитацияның болуы. 8. Халықаралық сапа сертификаттарының (JCI, GPP) болуы. 9. Медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік, кәсіби оңалтуды реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің болуы. 10. Өңірлерде филиалдарының болуы. 11. Оңалту саласындағы бекітілген медико-экономикалық хаттамалардың болуы. 12. «Kazakh Journal of Physical Medicine & Rehabilitation» ғылыми-тәжірибелік журналының болуы. 13. Оңалтушылар мен курортологтар ассоциациясының құрылуы. 14. Халықаралық Ассоциациялар мен Федерацияларға мүше болуы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ағылшын тілін білу деңгейі жоғары кәсіби оқытушы құрамының төмен үлесі. 2. Локалды ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы. 3. Оңалту қызметтеріне белгіленген тарифтің төмендігі. 4. Еңбекақы бойынша төмен тарифтер. 5. Балаларды оңалту саласында кадр тапшылығы. 6. Кадрлардың жиі ауысуы. 7. Ғылыми дәрежесі бар магистратура және докторантура деңгейіндегі ғылыми қызметкерлердің төмен үлесі; 8. Өндірістік персонал үшін материалдық және материалдық емес ынталандыру кешенінің жеткіліксіздігі. 9. Ауылдық жерлердегі пациенттер үшін оңалту қызметтеріне қол жеткізу деңгейінің төмендігі. 10. Мамандықтың беделі мен әлеуметтік мәртебесінің төмен болуы. 11. Өңірлік оңалту орталықтарымен өзара іс-қимылдың болмауы (шығармашылық семинарлар, мастер-кластар).
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер және тәуекелдер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Өңірлік оңалту орталықтарының қызметін вертикалды басқару және үйлестіру. 2. Жаңа бірегей технологияларды енгізу. 3. Тиімді маркетинг саясатын жүргізу (акциялар, БАҚ-пен жұмыс және т.б.). 4. Медицина кадрларының сапалы медициналық көмек көрсетуге материалдық мүдделілігін арттыру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Республикалық және өңірлік деңгейдегі (оның ішінде жеке ОО) салыстырмалы бәсекелестік). 2. Мотивацияның төмендеуі және білікті кадрлардың кету тәуекелі. 3. Пациенттердің шетелге кету тәуекелі.. 4. Резиденттердің даярлық деңгейінің төмендеуі.

<p>5. Ақылы қызметтер спектрін кеңейту, бюджеттен тыс инвестицияларды (сақтандыру компаниялары) тарту есебінен табысты ұлғайту.</p> <p>6. Оңалту кафедрасын ашу арқылы білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту.</p> <p>7. Мамандарды халықаралық конференцияларға қатыстыру.</p> <p>8. Магистратура және докторантура ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер санын көбейту.</p> <p>9. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін коммерцияландыруды белсенді жүргізу.</p> <p>10. Ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен резиденттердің ғылыми-инновациялық қызметінің тиімділігін арттыру.</p> <p>11. Білім және ғылым министрлігі мен ғылыми қорлар жүргізетін халықаралық ғылыми бағдарламалар мен гранттық конкурстарға белсенді қатысу;</p> <p>12. Оңалту бойынша білім беру бағдарламасының (резидентура, магистратура) болуы.</p> <p>13. Кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жақсарту, соның ішінде жақын және алыс шетелдерде.</p> <p>14. Медициналық оңалту көмегін көрсететін медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту.</p> <p>15. Мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту.</p> <p>16. Санаторийлерді оңалтудың кезеңдеріне тарту.</p>	<p>5. Экономикалық дағдарыс, бағаның өсуі, дәрігерлердің әлеуметтік мәртебесі.</p> <p>6. Біртұтас ведомствоаралық ақпараттық базаны құру үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылдың болмауы.</p> <p>7. Халық арасында медициналық оңалтудың мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру деңгейінің төмендігі.</p>
---	---

2.4. Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Халықаралық және ұлттық сапа стандарттарын сақтау деңгейінің төмендеуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру; 2. Әзірленген Қағидалар мен рәсімдерге сәйкес қызметкерлерді қайта оқыту; 3. Бекітілген Қағидалар бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу; 4. FOCUS–PDCA, RCA, FMEA жобаларын енгізу.
Кадрлардың тұрақтамауы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкерлерді ынталандыру (материалдық және материалдық емес); 2. Жаңа қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі жобаны әзірлеу; 3. Медициналық құжаттаманы және бизнес-процестерді оңайлату бағытында қайта қарау.
Ақылы медициналық қызметтердің, оның ішінде медициналық туризм аясындағы қызметтердің үлесінің төмендеуі	<ol style="list-style-type: none"> 1) Госпиталь сервисі стандарттарын жетілдіру және дамыту; 2) Медициналық қызметтерді жарнамалауға арналған шығындарды ұлғайту, PR-акциялар өткізу; 3) Маркетинг қызметін одан әрі дамыту; 4) Бұқаралық ақпарат құралдарында имидждік ақпаратты уақтылы орналастыру; 5) Имидждік ілгерілетуді егжей-тегжейлі жоспарлау.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы индикаторлар
Стратегиялық бағыт 1. Сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және қызмет тиімділігін жоғарылату.

Мақсат 1.1. Орталықта сапа мен қауіпсіздікті басқарудың жүйелі моделін енгізу, стационарлық менеджменттің тиімділігін және Орталық қызметінің өнімділігін арттыру.

Міндет 1.1.1. Халықаралық стандарттарды енгізу арқылы медициналық қызметтердің сапасы мен қауіпсіздік деңгейін арттыру, медициналық қызметтерді дамыту.

Оналту көмегінің сапасы мен қауіпсіздігін үздіксіз арттырудың негізі Орталықта сапаны басқару жүйесін енгізу және қауіпсіздік мәдениетін дамыту болып табылады. Медициналық қызметтердің сапасын үздіксіз жақсарту пациентке бағдарланған медициналық көмекті жетілдіру, ықтимал медициналық кәтеліктерді проактивті талдау, оқиғалар мен әлеуетті оқиғаларды талқылауда ашық әрі жазалаусыз тәсілді қолдану, дәлелді медицина қағидаттарын пайдалану және Орталықтың барлық өндірістік рәсімдерді стандарттау арқылы қамтамасыз етіледі.

Оналту процесін стандарттау мақсатында Орталық диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын әзірлеу және жетілдіруге қатысуды жалғастырады, соның ішінде оналтудың ең тиімді әрі заманауи технологиясы ретінде Халықаралық қызмет ету, өмір сүру және денсаулықтың жіктемесін (МКФ) енгізу көзделеді. Сонымен қатар, барлық процестер бойынша операциялық стандартты рәсімдер әзірленіп, енгізілген, олар Орталықта әр үш жыл сайын немесе қажеттілігіне қарай қайта қаралады. Клиникалық емес өндірістік процестердің (нақты ауруларды емдеумен тікелей байланысты емес) стандарттары халықаралық аккредиттеу талаптары шеңберінде жетілдірілетін болады. Сапа стандарттарының тиімділігіне сапа индикаторлары, инциденттер, шағымдар, пациенттер мен қызметкерлер арасында жүргізілетін анонимді сауалнамалар арқылы мониторинг жүргізіледі.

Өңірлердегі мамандар үшін оналту және неврология саласындағы өзекті мәселелер бойынша шеберлік сабақтарына қашықтан қатысу, семинарлар өткізу жалғаса береді.

Іске асыру шаралары:

- Медициналық қызметтердің сапасы мен пациенттердің қауіпсіздігін басқару саясатын іске асыру;
- JCI стандарттарының сақталуын қолдау және мониторингтеу, сондай-ақ қайта аккредиттеуге дайындық;
- Денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды, клиникалық хаттамалар мен оналту көмегін ұйымдастыру алгоритмдерін жетілдіруге қатысу;
- Инновациялық технологияларды одан әрі енгізу арқылы қызметтер тізбесін кеңейту;

- Жергілікті және шетелдік пациенттерге медициналық көмектің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін госпитальдық сервисінің халықаралық стандарттарын енгізу.

Тиімді стационарлық менеджмент алдыңғы қатарлы медициналық көмек көрсету моделін дамытудың маңызды шарты болып табылады.

Клиникалық, әкімшілік және қаржылық процестерді қоса алғанда, басқарудың барлық деңгейлерінде икемді операциялық жүйе құру үшін бірыңғай ақпараттық жүйелерді енгізу жалғастырылады, атап айтқанда:

- «Қағазсыз аурухана» – электрондық медициналық жазбаларды (Electronic Medical Records – EMR) қамтитын, медициналық кескіндерді архивтеу және беру жүйесімен (PACS), зертханалық ақпараттық жүйемен (LIS), медициналық статистика жүйесімен және басқа да жүйелермен синхрондалған госпиталь ақпараттық жүйесі;

- Электрондық құжат айналымы жүйесі.

Сонымен қатар, орнықты корпоративтік даму мақсатында корпоративтік басқару қағидаттары енгізіліп, жетілдірілетін болады.

Қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында Орталық қызметінің негізгі бағыты корпоративтік басқару арқылы меншікті капитал мен активтерді тиімді пайдалану, басым және жоғары технологиялық ғылыми және клиникалық бағыттарға инвестиция салу есебінен әртараптандыру және жаңғырту міндеттерін шешуге бағытталатын болады. Сондай-ақ қосымша қаржыландыру көздерін тартуға басымдық беріледі.

Инвестиция тартудың үлесін әртүрлі көздер есебінен арттыру жоспарлануда: ғылыми гранттар, шетелдік меморандумдар мен келісімдер, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мемлекеттік тапсырмалары. Сонымен қатар, стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру үшін несиелер мен қаржылық лизинг арқылы қосымша қаржы қаражаты мен активтер тартылатын болады. Қажет болған жағдайда пайдаланылмай тұрған жабдықты жалға беру немесе өткізу мүмкіндігі де қарастырылады.

Сонымен бірге, пациент ағындарын басқару, дәрілік заттар ағындарын бөлу, медициналық жабдықтардың оңтайлы жүктемесіне қол жеткізу процестерінде үнемді өндіріс жүйесін енгізу жалғастырылады.

Еуразиялық кеңістікте және ТМД елдерінде медициналық қызметтердің жетекші жеткізушісі болу жоғары этикалық стандарттарды бейімдеу, медициналық қызметтерді күту уақытын қысқарту, олардың сабақтастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ пациенттерге ұсынылатын қонақүй және ақпараттық бірегей сервистердің арқасында мүмкін болады.

Осылайша, Орталықтың оңалту қызметтері нарығындағы көшбасшылық орны инновациялық технологиялар, кешенді тәсіл, медициналық қызметтердің жоғары

сапасы мен қауіпсіздігі, сондай-ақ халықаралық озық стандарттар деңгейіндегі госпиталь сервисі арқылы қамтамасыз етіледі.

Іске асыру жөніндегі шаралар:

- Корпоративтік басқару қағидаттарын жетілдіру;
- Медициналық ақпараттық жүйені (МАЖ) жетілдіру, кейіннен тиімді ақпараттық технологияларды және бөлімшелер деңгейінде, ал болашақта әрбір пациент деңгейінде шығындарды бөлек есепке алу бағдарламаларын кеңейту;
- Медициналық жабдықтарды ұтымды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған жүйелі шараларды қабылдау;
- Пациент ағынын тиімді реттеу және медициналық қызметтерді күту уақытын оңтайландыруды қамтамасыз ету;
- Оңалту саласында бірыңғай тәсілдерді енгізу және есептік деректерді жинау мақсатында өңірлік орталықтармен өзара іс-қимыл жасау;
- Медициналық туризмді және ақылы медициналық қызметтерді одан әрі дамыту;
- Шетелдік пациенттерге арналған қызметтер пакетін әзірлеу;
- Жақын және алыс шетелдерден пациент тарту бойынша серіктестер іздеу;
- Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу;
- Госпиталь сервисі стандарттарын одан әрі жетілдіру және дамыту.

Стратегиялық бағыт 2. Кадрлық әлеуетті, білім беру мен ғылымды дамыту

Мақсат 2.1. Кадрлық ресурстарды басқару мен білім беру қызметінің тиімділігін арттыру.

Міндет 2.1.1. Кадрлық әлеуетті және білім беру қызметін дамыту.

Медициналық, педагогикалық және әкімшілік-басқарушылық персоналдың кадрлық әлеуетін арттыру Орталықтың бәсекеге қабілеттілігінің және оның тұрақты экономикалық дамуының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Бұл салаға салынатын инвестициялардың көлемі мен құрылымы жалпы ұйымның инновациялық әлеуетінің даму деңгейін айқындайтын болады.

Адами ресурсты стратегиялық басқару келесі негізгі қағидаттарды ескере отырып жүзеге асырылады:

- кадрлармен сандық және сапалық қамтамасыз етілуге кезеңдік талдау жүргізу, жаңа технологиялар мен стандарттарды енгізу, еңбек жағдайларының өзгеруі және персонал құзыреттерінің кеңеюі аясында біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулықтарды қайта қарау;

- кадрларды конкурс негізінде іздеу және іріктеу қағидаттарын кезең-кезеңімен жетілдіру;

- қызметкерлерді ынталандыру тетіктерін және сараланған еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру, әлеуметтік қолдау шараларын кеңейту, Орталықтың стратегиялық мақсаттарымен ықпалдастырылған кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуы жүйесін жетілдіру және дамыту арқылы еңбек өнімділігін арттыру.

Қызметкерлердің кәсіби дамуы нақты әрі негізделген қажеттілікті бағалау негізінде қызметкерлердің санаты, лауазымы және/немесе мамандығы бойынша

сараланып жүзеге асырылады, оқытуды егжей-тегжейлі жоспарлау және өткізілген оқыту іс-шараларының тиімділігін бағалау қарастырылады.

Әрбір қызметкерді жыл ішінде біліктілікті арттыру бойынша белгілі бір көлемдегі іс-шараларға қатысуға міндеттейтін біліктілікті арттырудың жинақтаушы жүйесі енгізіледі.

Қызметкерлердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру Түркия, Франция, Германия, Италия, Литва, Израиль, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Оңтүстік Корея және басқа елдердің оңалту орталықтарымен әріптестік арқылы жоспарлануда.

Бұл ретте мейіргерлердің кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлінеді, оның ішінде олардың құқықтары мен өкілеттіктерін кеңейтуге, клиникалық дағдыларын және этикалық мінез-құлқын жетілдіруге басымдық беріледі.

Осы мақсатта:

- НУММ-да 2 жылдық бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыту;

-клиникалық практикада «Кеңейтілген мейіргерлік тәжірибе шеңберінде функцияларды кеңейту» жобасын енгізу арқылы оңалту процесіндегі жауапкершілік пен қатысымдылықты арттыру жоспарлануда.

Орталық республикада оңалтудың алдыңғы қатарлы әдістерін енгізудің үлгісіне айналып, бірегей заманауи технологияларды трансферттеуді жалғастыруға тиіс.

Бұл технологияларды өңірлерге трансферттеудің негізгі тетігі мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде:

- өңір мамандары үшін шетелдік мамандарды тарта отырып шеберлік сабақтарын өткізу;

- өңірлерде медициналық оңалту бойынша көшпелі шеберлік сабақтары мен семинарлар өткізу.

Жоғары білікті персоналды ұстап қалу мақсатында ынталандыру тетіктерінің кешенін жетілдіру және әлеуметтік пакетті кеңейту жоспарлануда.

Дәрігерлер мен мейіргерлердің кәсіби қызметінің айқын адамгершілік бағдарларын көздейтін Әдеп кодексін сақтауына мониторинг жүргізіледі. Ұйымның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге барынша ықпал ететін корпоративтік мәдениетті модельдеу және енгізу тетіктері енгізілетін болады, бұл қызметкерлер еңбегінің тиімділігін және пациенттерге қызмет көрсету сапасын едәуір арттырады.

Қызметкерлер үшін қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету шараларын одан әрі жетілдіру қажет.

Әлемдік тәжірибеде кәсіби дамудың үздік стандарты медициналық кадрлардың клиникалық практика, білім беру қызметі және ғылыми зерттеулер аясындағы ғылыми-педагогикалық мансаптық даму моделі болып табылады. Медициналық оңалту саласындағы жетекші мамандарды білім беру процестеріне тарту кадрлық ресурстар үшін үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін дамытудың берік негізі болады және келесілерді қамтамасыз етеді:

- білім беру және өндірістік процестерді тиімді басқару;

- клиника жағдайында теориялық білім мен практикалық дағдыларға негізделген сапалы дипломнан кейінгі білім беру;
- жаңа технологияларға қолжетімділік негізінде білім беру пәндерінің сапасын арттыру және оларды өңірлерге трансферттеу мүмкіндігі;
- кадрлардың жоғары кәсіби және материалдық ынталандырылуы;
- ғылыми-оқытушылық құрамды қалыптастыру.

Орталықтың білім беру процестеріне алыс шетелдің жетекші университеттері мен медициналық орталықтарынан жетекші шетелдік мамандарды тарту тәжірибесі жалғастырылады, медициналық және әлеуметтік-педагогикалық оңалту, мейіргерлік ісі бағыттары бойынша мамандарды дипломнан кейінгі даярлау бағдарламалары халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіріледі.

Білім беру бағдарламаларының жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін:

- халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру қызметтерін ұсынудың оңтайлы көлемін қамтамасыз ету;

- білікті персоналды бекітуге және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің үздіксіз кәсіби өсуіне жағдай жасауға бағытталған кешенді кадрлық саясатты іске асыру;

- материалдық-техникалық базаны және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кешенді түрде жаңғырту, өңір мамандарына арналған қашықтан және электрондық оқыту бағдарламаларын (e-learning system) дамыту, онлайн сервистерді, кітапханаларды, аудиторияларды, жеке электрондық аккаунттарды құру, алыс шетелдің жетекші университеттері мен медициналық орталықтарында кәсіби және ғылыми даярлық бағдарламаларын іске асыру;

- оқу және ғылыми ақпараттық базаны кеңейту Орталықтың медициналық білімін одан әрі дамытудың маңызды шарты болып табылады;

- Орталықтың білім беру қызметтерін импорттау мен экспорттауға тартымды жағдайлар жасау, білім беру саласындағы халықаралық беделін арттыру.

Іске асыру шаралары:

- адам ресурстарына деген қажеттілікті жоспарлауды жетілдіру;
- технологиялар трансфертін қамтамасыз ету мақсатында шетелдік мамандарды тарта отырып шеберлік сабақтарын өткізу, технологиялар трансферті саясатын іске асыру, заманауи және жоғары тиімді медициналық технологияларды енгізу және трансферттеу;
- өңір мамандарын семинарлар, шеберлік сабақтары, конференциялар, телемедицина, онлайн конференциялар арқылы оқыту;
- қызметкерлерді ынталандыру және сараланған еңбекақы төлеу тетіктерін жетілдіру;
- Орталықтың стратегиялық бағыттарымен ықпалдастырылған кадрлардың үздіксіз кәсіби даму жүйесін одан әрі дамыту;
- корпоративтік мәдениетті модельдеу және жетілдіру тетіктерін енгізу;
- қызметкерлер үшін қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шараларын жетілдіру;
- клиникалық практикаға оңалту бойынша жаңа технологияларды енгізу;

- медициналық оңалту саласында мамандарды, резиденттерді, магистранттарды дипломнан кейінгі даярлау үшін оқытушылық құрамды және оқу-әдістемелік материалдарды жетілдіру;
- кадрларды іріктеу және кадрлық резервті қалыптастыру бойынша жүйелі, мақсатты жұмыс жүргізу;
- білікті профессорлық-оқытушылық құрамды қалыптастыру;
- халықаралық стандарттарға сәйкес «Физикалық медицина және оңалту» мамандығы бойынша бірыңғай сертификатталған курстарды әзірлеу және енгізуге қатысу;
- Қазақстан Республикасының оңалту қызметі мамандарына арналған білім беру іс-шараларын талдау және жоспарлау;
- мейіргерлердің дипломнан кейінгі білім алуын одан әрі дамыту;
- білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту, білім беру бағдарламаларының мобильдігін дамыту;
- практикалық денсаулық сақтау міндеттері мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай келетін заманауи оқыту нысандарын дамыту;
- оқыту әдістемесін жетілдіру, қашықтан оқытуды қоса алғанда электрондық оқыту жүйесін дамыту;
- білім беру қызметтерінің маркетингін жетілдіру;
- үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру (қосымша кәсіби білім берудің барлық нысандары: біліктілікті арттыру, қайта даярлау, тәжірибе алмасу семинарлары, тренингтер);
- үздік шетелдік мамандарды тарта отырып, Орталық кадрларын міндетті түрде оқыту;
- білім беру қызметінің сапасын бақылау және талдау процесін жетілдіру;
- институционалдық және білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредитациясын жүргізу;
- резиденттерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша жұмыс берушілермен серіктестікті дамыту;
- оқытушыларды ынталандыру және көтермелеу жүйесін жетілдіру;
- оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықаралық кеңістікке интеграциялау мақсатында кадрлар даярлау орталығы ретінде Орталықты одан әрі дамыту қажет.

Мақсат 2.2. Ғылыми-зерттеу қызметін басқарудың тиімділігін арттыру.

Міндет 2.2.1. Ғылыми қызметті дамыту.

Орталық қызметінің аса маңызды бағыттарының бірі - нейрооңалту саласында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие әзірлемелердің өсуін қамтамасыз ететін тұрақты ғылыми-инновациялық даму.

Ғылыми зерттеулерді басқару саласында ғылыми кадрларды даярлауға, тиісті инфрақұрылымды құруға, сондай-ақ ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға ерекше көңіл бөлінеді. Клиникалық персоналды ғылыми қызметпен айналысуға даярлау мен оқытуға басымдық беріледі.

Ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігінің интегралды көрсеткіштері ретінде халықаралық рецензияланатын басылымдардағы жарияланымдар көлемі, ғылыми еңбектерге жасалған дәйексөздер саны, «**Kazakh Journal of Physical Medicine & Rehabilitation**» ғылыми-практикалық журналындағы шетелдік авторлардың жарияланымдары саны, патенттер саны және практикалық қызметке енгізілген әзірлемелер қарастырылатын болады.

Іске асыру шаралары:

- әлемдік оңалту орталықтарымен белсенді халықаралық ынтымақтастық орнату үшін ғылыми бағыттарды айқындау;
- Білім және ғылым министрлігі мен ғылыми қорлар өткізетін ғылыми бағдарламаларға, халықаралық және конкурстық гранттарға қатысу;
- бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелер санын арттыру үшін жағдай жасау;
- ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің ғылыми-инновациялық қызметінің тиімділігін арттыру;
- ғылыми-инновациялық қызметке бюджеттен және бюджеттен тыс қаражаттарды тарту.

4-бөлім. Стратегиялық және бюджетті жоспарлаудың өзара байланыс архитектурасы

Уәкілетті органның стратегиялық бағыттары

Стратегиялық бағыт 1. Халықтың денсаулығын нығайту	Стратегиялық бағыт 2. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру
--	--



Уәкілетті органның мақсаттары

<p>Мақсат 1.1 Аурулардың профилактикасын күшейту және ауруларды ерте кезеңінде басқаруды дамыту</p>	<p>Мақсат 1.2 Медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту</p>	<p>Мақсат 2.1 Ауруларды диагностикалау мен емдеуде инновациялық технологияларды және жекелендірілген тәсілді дамыту және енгізу</p>
--	---	--



Орталықтың стратегиялық бағыттары

Стратегиялық бағыт 1 Сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және қызмет тиімділігін жоғарылату	Стратегиялық бағыт 2 Кадр әлеуетін, білім беру мен ғылымды дамыту
--	--



Орталықтың мақсаттары

<p>Мақсат 1.1 Қоғамда сапа мен қауіпсіздікті жүйелі басқаруды енгізу, аурухана менеджментінің және Орталық қызметі өнімділігінің тиімділігін арттыру</p>	<p>Мақсат 2.1 Кадрлық ресурстарды басқару және білім беру қызметінің тиімділігін арттыру</p>	<p>Мақсат 2.2 Ғылыми-зерттеу қызметін басқарудың тиімділігін арттыру</p>
---	---	---



Бюджеттік бағдарламалар

<p>067 «МӘМС шеңберіндегі Қор активтері» – «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ қаражаты есебінен 013 «Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» 006 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» 217 «Ғылымды дамыту», 102-қосалқы бағдарлама «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру»</p>

5-бөлім. Стратегиялық бағыттар және нысаналы индикаторлар

№	Нысаналы индикаторлар мен нәтижелілік көрсеткіштері	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есептік кезең	Ағымдағы жылдың нақты мәні	Жоспарлы кезең				
							2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Стратегиялық бағыт 1.

Сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және қызмет тиімділігін жоғарылату

Мақсат 1.1.

Орталықта сапа мен қауіпсіздікті жүйелі басқаруды енгізу, аурухана менеджментінің және Орталық қызметі өнімділігінің тиімділігін арттыру

Нысаналы индикатор

1.	Орталық көрсеткен медициналық көмекке пациенттердің қанағаттану деңгейі	Басқарма төрағасы	Сауалнама деректері	%	92	92	93	93,5	94	94,5	95
----	---	-------------------	---------------------	---	----	----	----	------	----	------	----

Міндет 1.1.1.

Халықаралық стандарттарды енгізу арқылы медициналық қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі деңгейін арттыру, медициналық қызметтерді дамыту

Нәтижелілік көрсеткіштері

1.	JCI және ұлттық аккредитациядан қайта аккредиттеуден өту	Стратегия жөніндегі директор	сертификат	Бірлік	-	JCI	Ұлт.	-	JCI	Ұлт.	-
----	--	------------------------------	------------	--------	---	-----	------	---	-----	------	---

№	Нысаналы индикаторлар мен нәтижелілік көрсеткіштері	Жауаптылар	Ақпарат кезі	Өлшем бірлігі	Есептік кезең	Ағымдағы жылдың нақты мәні	Жоспарлы кезең				
							2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
2.	ҚХЖ өлшемшарттары бойынша мультитәндік кешенді оңалтудың тиімділігін бағалау (1,0-ден жоғары)	Басқарма төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Клиникалық бөлімшелер деректері	%	90	92	92,5	93	93,5	94	
3.	Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері	Қаржы директоры	Қаржы-экономикалық бөлім деректері	тыс. тенге	0	201,20	6 182,07	7 441,01	8 204,92	6537,29	
4.	Түскен кірістің рентабельділігі	Қаржы директоры	Қаржы-экономикалық бөлім деректері	%	0	0	0,17	0,19	0,2	0,15	

Стратегиялық бағыт 2. Кадрлық әлеуетті, білім беру мен ғылымды дамыту

Максат 2.1.

Кадрлық ресурстарды басқару және білім беру қызметінің тиімділігін арттыру

Міндет 2.1.1.

Кадрлық әлеуетті және білім беру қызметін дамыту

Нәтижелілік көрсеткіштері

1.	Орталықтағы жұмыстан шығарылған персоналдың үлесі	Басқарма төрағасының орынбасары	Отдела УЧР и делопроизводства	%	23	23	22,5	22	21,5	21
2.	Өткізілген білім беру бағдарламаларының саны	Басқарма төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Ғылым және білім басқармасы	саны	15	15	20	25	30	35

№	Нысаналы индикаторлар мен нәтижелілік көрсеткіштері	Жауаптылар	Ақпарат кезі	Өлшем бірлігі	Есептік кезең	Ағымдағы жылдың нақты мәні	Жоспарлы кезең			
							2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
3.	Білім беру іс-шараларына қатысқан өңірдегі мамандар саны	Басқарма төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Ғылым және білім басқармасы	саны	150	150	200	225	250	275
4.	Өңірлерге бара отырып өткізілген оқу семинарлары мен тренингтер саны	Басқарма Төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Ғылым және білім басқармасы	саны	5	5	6	7	8	9
5.	Жоғары білімі бар орта медициналық персонал (ОМП) саны	Мейіргер ісі жөніндегі директор	Мейіргер ісі жөніндегі директор	саны	-	-	-	26	27	28

Мақсат 2.2.

Ғылыми-зерттеу қызметін басқарудың тиімділігін арттыру

Міндет 2.2.1.

Ғылыми қызметті дамыту

Нәтижелілік көрсеткіштері

1.	Бір жылда енгізілген инновациялық технологиялар саны	Басқарма төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Ғылым және білім басқармасы	Енгізу актілері	2	2	2	2	2	2
2.	WebofScience немесе Scopus дерекқоры бойынша дәрігерлердің орташа Хирш индексі	Басқарма төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Ғылым және білім басқармасы	орташа көрсеткіш	0,15	0,15	0,17	0,17	0,18	0,19

№	Нысаналы индикаторлар мен нәтижелілік көрсеткіштері	Жауаптылар	Ақпарат кезі	Өлшем бірлігі	Есептік кезең	Ағымдағы жылдың нақты мәні	Жоспарлы кезең			
							2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
3.	Оңалту орталығының практикалық қызметіне енгізілген ғылыми жобалар саны	Басқарма торағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары	Ғылым және білім басқармасы	саны	-	-	-	-	1	1

H

6-бөлім. Ресурстар

Ресурстар	Өлшем бірлігі	Есептік кезең	Ағымдағы кезең жоспары	Жоспарлы кезең		
				2023 жыл	2024 жыл	2026 жыл
Қаржылық ресурстар, барлығы: оның ішінде:	мың теңге					
Стратегиялық бағыт 1.						
Сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және қызмет тиімділігін жоғарылату Мақсат 1.1. Орталықта сапа мен қауіпсіздікті жүйелі басқаруды енгізу, аурухана менеджментін және Орталық қызметі өнімділігінің тиімділігін арттыру						
«МӘМС шеңберіндегі Қор активтері» – «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ қаражаты есебінен	мың теңге					
Стратегиялық бағыт 2.						
Кадрлық әлеуетті, білім беру мен ғылымды дамыту Мақсат 2.1. Кадрлық ресурстарды басқару және білім беру қызметінің тиімділігін арттыру						
006 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» – мың теңге	мың теңге					
013 «Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер»	мың теңге					
059 «Әлеуетті арттыру және ауруларды диагностикалау мен емдеудің жоғары технологиялық әдістерін енгізу»	мың теңге					

Қосымша 1. 2025 жылғы өңірлер бойынша оңалту орталықтарының саны

Өңір атауы	Орталықтар жалпы саны	№	Орталық атауы	Электрондық пошта
Астана қ.	2	1	«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» базасындағы «Қамқорлық» ОО	gdb1_glav@mail.ru
		2	«Қалалық психикалық денсаулық орталығы» базасындағы «Қамқорлық» ЕАО	narkokon@med.mail.kz
Алматы қ.	7	3	«Алау» ОО	almaty.alau@med.mail.kz
		4	«Ерте жастағы балаларды оңалту орталығы» ШЖҚ КМК	crdr_aim@mail.kz
		5	«Қалалық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МҚК	gdrc_kz@mail.kz
		6	«Балдаурен» балаларды оңалту орталығы ШЖҚ КМК	info@baldauren-drc.kz
		7	«Фтизиопульмонология балалар орталығы» ШЖҚ КМК	info@drcf.kz
		8	«Maksat MeD» ОО ЖШС	dr_maksat@mail.ru
		9	Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы базасындағы «Қамқорлық» ЕАО	
Шымкент қ.	6	10	«Мейрім» ОО	
		11	«Оңалту орталығы №1» ШЖҚ МҚК	
		12	«Оңалту орталығы №2» ШЖҚ МҚК	gordetbol2@mail.ru
		13	«Оңалту орталығы №2» базасында «Қамқорлық» ОО	
		14	Оңалту орталығы №2 базасындағы «Қамқорлық» ЕАО	
Абай	2	15	«Атамекен» БОО ЖШС	
		16	Облыстық перинаталды орталық базасындағы «Қамқорлық» ОО	
		17	«Қамқорлық» ЕАО, Облыстық перинаталды орталық базасында, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы	

Ақмола	5	18	Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы базасындағы «Болашақ» ОО	
		19	Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы базасындағы «Қамқорлық» ОО	
		20	«Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасы» ҚМКК, «Қамқорлық» ЕАО	step-cgb@mail.kz
		21	«Бурабай» облыстық балаларды оңалту орталығы» ШЖҚ МКК	sanborovoe@mail.kz
		22	Жақсы аудандық орталық ауруханасы, «Қамқорлық» ОО	
Ақтөбе	6	23	Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы базасындағы «Аяла» ОО	
		24	«Дару» ОО ЖПС	sitedaru@mail.ru
		25	«Ақбөбек» ОО ЖПС	
		26	Батыс Қазақстан облысы Перинаталды орталығы базасындағы «Қамқорлық» ЕАО	pczko@med.mail.kz
		27	Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» ОО	
Алматы	6	28	«Қамқорлық» ОО, Шалқар аудандық аурухана (АПП) базасында	
		29	Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасы «Кәусар» облыстық оңалту орталығы ШЖҚ КМК	kausarORC@mail.kz
		30	«Қамқорлық» ОО, Жамбыл аудандық орталық аурухана базасында	priemnaya@jambyl-crb.kz
		31	«Қамқорлық» ОО, Еңбекшіқазақ көпбейінді ауданаралық аурухана базасында	enbekshikaz_crb@mail.ru
		32	«Қамқорлық» ЕАО, Еңбекшіқазақ көпбейінді ауданаралық аурухана базасында	enbekshikaz_crb@mail.ru
Атырау	3	33	Алматы облысы офтальмология орталығы	almobltub_plan@mail.ru
		34	«Қамқорлық» ОО, Кеген аудандық аурухана базасында	info@kegen-crb.kz
		35	«Қамқорлық» ОО, Атырау облыстық балалар ауруханасы базасында	
		36	«Қамқорлық» ЕАО, Қалалық перинаталды үйі базасында (АПП)	
		37	«Болашақ» ОО	
Шығыс Қазақстан облысы	2	38	«Қамқорлық» ОО, «Ана мен бала орталығы» базасында	omo_cmirl@mail.ru
		39	«Қамқорлық» ЕАО, «Ана мен бала орталығы» базасында (АПП)	
Жамбыл	6	40	Жамбыл облыстық оңалту орталығы	Orc-mid@mail.ru

		41	«Қамқорлық» ЕАО, Жамбыл көпбейінді балалар ауруханасы базасында (ТБС+АПП)	тарaz-odb@mail.ru
		42	«Қамқорлық» ОО, Жамбыл көпбейінді балалар ауруханасы базасында	
		43	«Аяла» облыстық балалар оңалту орталығы	odkts@mail.ru
		44	Жамбыл облыстық арнайы оңалту орталығы	
		45	«Қамқорлық» ОО, Шу ауданы, Аудандық аурухана базасында	shucrb74@mail.ru
		46	«Күншуақ» ООО	
		47	«Облыстық перинаталды орталық» (АПП) базасындағы «Қамқорлық» ЕАО	perinatal.tald@mail.ru
		48	«Сарқан ОАА» базасында (АПП) ШЖК МКК «Қамқорлық» ОО	sarkand_crb@mail.ru crb_sarkand@crb-sarkand.kz odbl_zko@mail.ru
		49	БҚО Облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасында (ТБС+АПП) «Қамқорлық» ОО	pczko@med.mail.kz ymitkar@mail.ru
		50	Облыстық перинаталды орталық базасында «Қамқорлық» ОО	
		51	«Үміт» ОО	
		52	«Шипагер» ОО ЖШС	
		53	«DRC BALA» ОО ЖШС	
		54	«Қамқорлық» ОО, ОБКА базасында	
		55	«Қамқорлық» ЕАО, ОБКА базасында	
		56	«Қамқорлық» ОО, Рудненская қалалық көпсалалы аурухана базасында	gorbolrud@yandex.kz
		57	Облыстық балалар ауруханасы «Қамқорлық» ЕАО	priyemnaya.odb@med.mail.kz
		58	«Қамқорлық» ОО, Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы базасында	
		59	«Қамқорлық» ОО, «Жаңақорған көпбейінді орталық аудандық аурухана» ШЖК КМК базасында	
		60	«Қамқорлық» ОО, Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасында	gkkr-odb@mail.ru
		61	«Қамқорлық» ЕАО, Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасында	
		62	Облыстық оңалту орталығы (АПП)	pgcrd@mail.ru
		63	Оңалту орталығы 3–18 жас аралығындағы балалар үшін (АПП)	
Жетісу	3			
Батыс Қазақстан облысы	2			
Қарағанды	5			
Қостанай	2			
Қызылорда	2			
Маңғыстау	2			
Павлодар				

Солтүстік Қазақстан облысы	2	64	Ерте араласу орталығы 3 ай–3 жас аралығында (АПП)		
		65	«Қамқорлық» ЕАО, Көпбейінді облыстық аурухана базасында (АПП)		perinatal_mob@sso.gov.kz, opesko_om@mail.med.mail.kz
Түркістан облысы	6	66	«Қамқорлық» ОО, «Көпсалалы балалар облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК (АПП, 2024 ж. 18 желтоқсанда ашылған)		priemnaa.dob@mail.ru, priemnaa.dob@med.mail.kz, mdob_zdrav@sso.gov.kz
		67	Облыстық балаларды оңалту орталығы		
		68	«Жансая» ОБОО		san_jansaya@mail.ru
		69	«Ақ-бұлақ» ОБОО		obo akbulak@mail.ru
		70	«Қамқорлық» ОО, Түркістан қалалық балалар ауруханасы базасында		detskay_tur@mail.ru
		71	«Қамқорлық» ЕАО, Облыстық балалар ауруханасы базасында		
		72	«Қамқорлық» ЕАО, Сарыағаш аудандық орталық аурухана базасында		crb_saryagash@mail.ru
		73	«Аура Сервис» ОО ЖШС		
Ұлытау облысы	2	74	«Қамқорлық» ОО, «Қарлығаш» соматикалық санаторийі (АПП) ШЖҚ КМК		